

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы Жаңа Бұқтырма кентінен солтүстік – батысқа қарай 4,9 км орналасқан жер учаскесі тұстамасындағы № 1 Безымянный бұлағының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 436 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 желтоқсанда № 6414 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызыбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы Жана Бұқтырма кентінен солтүстік – батысқа қарай 4,9 км орналасқан жер участкесі тұстамасындағы № 1 Безымянный бұлағының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы Жаңа Бұқтырма кентінен солтүстік – батысқа қарай 4,9 км орналасқан жер участкесі тұстамасындағы № 1 Безымянный бұлағының су қорғау аймағы аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Алтай ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы
Казақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он құн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;
 - 3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроОнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.
5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІГ"

Қазақстан Республикасы

Экология, геология және табиги ресурстар

министрлігі Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және корғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясының басшысы

К. Баймагамбетов

2019 жылғы "___"

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің

11 желтоқсандағы № 436

қаулысына

қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы Жаңа Бұқтырма кентінен солтүстік – батысқа қарай 4,9 км орналасқан жер участкесі тұстамасындағы № 1
Безымянный бұлағының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі**

С у о б ъ е к т і с і , оның участкесі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м
1	2	3	4	5	6	7
Жаңа Бұқтырма ауылынан солтүстік – батысқа қарай 4,9 км орналасқан жер участкесі тұстамасындағы № 1 Безымянный бұлағы	0,156	2,827	252 -	0,0087	0,296	35 283

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК